

ТАЛДЫКӨЛДІ ТАЗАЛАДЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ

4-БЕТ | ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



ЧЕМПИОННАН – ТЕГІН ЖАТТЫҒУ

8-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> ҚАЗАҚ АЗАМАТТАРЫ ПРЕЗИДЕНТ РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАНДЫ ЖӘНЕ БҮКІЛ ТҮРКИЯ ЕЛІН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰРМЕТТЕЙДІ. ҚАЗАҚСТАН ТҮРКИЯНЫҢ ТОЛАЙЫМ ТАБЫСЫНА ӘРДАЙЫМ ҚУАНАДЫ. БОЛАШАҒЫНЫҢ ЖАРҚЫН БОЛУЫН ТІЛЕЙДІ.

№89
(4833)
Бейсенбі
31 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда тәжірибесі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЗАҚ-ТҮРІК ЫНТЫМАҒЫ МӘҢГІЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия еліне ресми сапары өте жоғары деңгейде өтті. Қазақстан Президенті мен Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған бауырлас екі елдің ынтымағын арттыруға бағытталған келіссөздер жүргізіп, саяси-экономикалық серіктестікті дамытуға арналған құжаттарға қол қойды.

Ресми сапар барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Devlet Nişanı» орденімен марапатталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Devlet Nişanı» орденін алу зор мәртебе екенін атап өтіп, Президент Режеп Тайип Ердоғанға және барша түрік халқына шынайы алғысын жеткізді.

– Мен отандық немесе шетелдік орден және басқа да марапаттарды қабылдаудан бас тарттым. Алайда бүгінгі Сіздің шешіміңіздің мән-маңызы ерекше деуге болады. Бұл – қазақ-түрік ынтымақтастығы жылнамасындағы мағынасы терең тарихи оқиға. Сіз осы шешіміңізбен бабаларымыздың аманатына берік екеніңізді тағы бір мәрте көрсеттіңіз. Бізге асыл мирас болып қалған баға жетпес мұрамыз – достық пен бауырластық байланыстарды бекемдей түстіңіз. Бұл жоғары марапатты түрік елінің барша қазақ халқына көрсеткен ерекше құрметі деп санаймын. Осы игі бастама – тамыры бір, діні мен ділі ортақ халықтарымыз арасындағы мызғымас достықтың айқын белгісі, қастерлі құндылықтарымызды дәріптейтін маңызды қадам. Сондай-ақ бұл – қазақ-түрік стратегиялық ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға деген өзара ұмтылыстың айғағы, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әріптесі Режеп Тайип Ердоғанды әлемдік деңгейдегі көреген, ықпалды, аса көрнекті саясаткер, өнірлік және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосып отырған тарихи тұлға деп атады.

Өз кезегінде Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті.

– Қымбатты бауырым Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы басшылығымен Қазақстан өз аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың мекеніне айналды. Қазақстанның жетістіктерін біз әрқашан мақтан тұтамыз. Біздің мемлекеттік орденімізді елдеріміз арасындағы мызғымас достықтың символы ретінде қабылдайсыз деп сенемін, – деді Түркия Президенті.



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ ЕЛОРДА

Астанада көгалдандыру жұмысына ерекше мән беріліп отыр. Биыл қала ішінде 1 миллионнан астам жасыл желек – жас көшет, бұта, ағаш отырғызу жоспарланып, бұл жұмыс тұрақты жалғасып келеді. Сондай-ақ жол жөндеу, 170 аула мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру қарқынды жүргізілуде.

АБАЙ КҮНІ – АСТАНАДА

Елордада жыл басынан бері Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған 140-тан аса рухани іс-шара ұйымдастырылды.

Ал биылғы 10 тамыз – Абай Құнанбайұлының туған күнінде Астана төрінде бірқатар іс-шара өтпек. Атаулы мерекелік күн Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімінен басталады. Сондай-ақ қаланың ашық алаңдарында, кітапханаларында, білім және мәдениет мекемелерінде көрмелер, өлең оқу байқаулары, әдеби кештер және басқа да рухани-танымдық іс-шаралар өтеді.

БУРАБАЙҒА – ҚОСЫМША ПОЙЫЗ

Туристер арасында танымал бағыттардың көлік қолжетімділігін арттыру және жолаушыларға жайлы жағдай жасау мақсатында «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Астана-1-Бурабай курорты» бағытында №6811/6812 қосымша қала маңы электр пойызы жүретін болды.

Электр пойызы әр сәрсенбіде қатынайды. Астанадан сағат 11:00-де шығып, 13:35-те Бурабай станциясына жетеді. Кері бағытта пойыз 14:15-те жолға шығып, 17:00-де Астанаға оралады. Айта кетейік, қала маңы бағытындағы жолаушылар пойызына билеттерді жөнелтуге 10 күн қалғанда сатып алуға болады. Билеттерді bilet.railways.kz сайтынан немесе «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассаларынан комиссиясыз алуға болады.



№89 (4833) 31/07/2025 Бейсенбі

БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ БАЯНДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Қазақстан – Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-отырысын өткізді.







Жиын барысында Мемлекет басшысы Түркияның ежелден бауырлас, тамырлас және түбі бір туысқан ел екенін атап өтіп, ортақ тарихи және рухани құндылықтарға негізделген қазақ-түрік ынтымақтастығы кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухында тұрақты дамып келе жатқанына назар аударды.

БИІК БЕЛЕСКЕ МҰДДЕЛІ

– Біз осы сара жолды жалғастырып, өзара байланысты бұдан да биік белеске көтеруге мүдделіміз. Құрметті Президент мырза, Өзіңізбен жаңа ғана шағын құрамда өткізген келіссөздерді жоғары бағалаймын. Біз ықпалдастығымызды кеңейтуге ниетіміз бар екенін тағы да бекемдей түстік. Оған біздің мүмкіндігіміз де, ынта-жігеріміз де жеткілікті. Екі елдің арасында ауқымды шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Атап айтқанда, 60-тан астам екіжақты шарттар мен келісімдер бар. Бүгін де бірқатар екіжақты келісімге қол қойылады, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңесте өзара сауда-саттық көлемін ұлғайту мәселесі талқыланды. Былтыр өзара сауда айналымы 5 миллиард доллар болған. Бұл көрсеткішті еселеуге барлық мүмкіндік бар. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміз Түркия нарығына кемінде 34 түрлі өнім жеткізуге дайын. Оның көлемі 1 миллиард долларға жуықтайды. Түркиядан келетін тауар түрлерін де арттыра түсу маңызды.

Тараптар тауар айналымын ұлғайту жолында көлік-логистика саласының маңызы айрықша екенін атап өтті. Бұл ретте Қазақстан Президенті Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға баса мән беріліп отырғанын жеткізіп, заманауи теміржол, құрлықтағы порттар мен жүк терминалдарын салуға және кеме өндірісіне түрік инвестициясын тартуға мүдделі екенімізді мәлімдеді.

Президенттің айтуынша, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қолға алынған реформалар шетелдік кәсіпкерлерге мол мүмкіндік береді. Еліміз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайын.

Бұдан бөлек, кеңес отырысында екі ел делегациялары энергетика саласындағы ықпалдастық мәселесіне тоқталды. Баку – Тбилиси – Жейхан мұнай құбыры арқылы экспорт көлемін арттыру мәселесін талқылады.

Мемлекет басшысы түрік компанияларын энергия тапшылығын жоюға бағытталған жобаларға қатысуға шақырды. Әсіресе «ҚазМұнайГаз» бен Turkiye Petroleum арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелі болатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Салық кодексінде шикізатты терең өңдеуге ынталандыратын роялти тәртібі, яғни айрықша мүмкіндіктер қарастырылғанын жеткізді. Түрік инвесторларына бірлескен қор құру арқылы тау-кен саласы мен табиғи ресурстарды игеруге қатысты тың жобаларды жүзеге асыру ұсынылады.

Екі елдің ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығының болашағы зор. Қазақстанда өндірілетін дәнді-дақылдың төрттен бірі, мақтаның үштен бір бөлігі, дән желімшесінің (клейковина) 26 пайызы Түркияға экспорталады. Жалпы, елімізде түрік кәсіпкерлерінің қатысуымен ауыл шаруашылығында құны 1,3 миллиард доллар болатын 23 инвестициялық жоба қолға алынған. Олардың 18-і іске қосылып, өнімдері халықаралық нарыққа шығарылуда.

Сонымен қатар тараптар қорғаныс өнеркәсібі, ақпараттық технология, жасанды интеллект, қаржы, азаматтық авиация, мәдениет, білім, денсаулық сақтау және туризм салаларындағы ынтымақтастық перспективасы жөнінде егжей-тегжей пікір алмасты. Соның ішінде екі елдің білім бағытындағы қатынастарының тамыры тереңде жатыр. Алдағы уақытта Астана мен Алматы қалаларында «Маариф» қорының екі мектебі, сондай-ақ Түркияның үздік оқу орындарының филиалдары ашылмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Түркияның жер сілкінісі болған Газиантеп провинциясында былтыр желтоқсанда жаңа мектеп құрылысы басталды. Білім беру ошағы келесі жылы пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек, туризм саласындағы оң үрдісті қолдау, сондай-ақ сан қырлы екіжақты байланыстарды ілгерілету үшін Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан делегациясына ілтипат білдірген Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Екінші отаныңызға қош келдіңіз» деп ерекше құрмет көрсетті. Сондай-ақ қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, кемеңгер Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 180 жыл толуымен құттықтады.

– Біз Қазақстанмен арадағы ынтымақтастыққа ерекше мән береміз. Бүгінде екі ел арасындағы байланыстар стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Осы оң серпінді сауда-саттық, қорғаныс өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм және мәдениет салаларында одан әрі тереңдетуді мақсат етіп отырмыз. Қазақстан – атамекеніміздегі ең ірі сауда серіктесіміз. Сауда айналымын 15 миллиард долларға жеткізу үшін жұмысымызды жалғастырамыз, – деді Түркия Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде, Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы бірлескен декларациясы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-отырысының шешімі қабылданды.

Мемлекет басшысының Анкараға ресми сапарының аясында 18 үкіметаралық және ведомствоаралық құжатқа қол қойылды.

САПАР СӘТТІ, КЕЛІССӨЗ ТАБЫСТЫ ӨТТІ

Өзара келіссөздер мен Жоғары деңгейдегі стратегиялық экономикалық кеңестің 5-отырысынан кейін Қазақстан мен Түркия президенттері баспасөз мәлімдемесін жасады.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, Түркияға ресми сапармен келуге шақырып, қазақ делегациясына қонақжайлық көрсеткені үшін бауырлас түрік халқына және Президент Режеп Тайип Ердоғанға шынайы ризашылығын білдірді.

– Қос халықтың игілігі үшін түбі бір түрік еліне жасаған әр сапардың мән-маңызы ерекше. Президент Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен Түркия өзінің алтын ғасырлық белесін тарихи жетістіктермен қарсы алып жатыр. Еліңіз жаңа дәуірге нық қадам басты. Құрметті Президенттің халықаралық сахнадағы салиқалы саясатының арқасында Түркия әлемдегі беделді әрі ықпалды, шынайы құрметке ие мемлекетке айналды. Мұның түп негізінде түрік халқының бірлігі, даналығы және қайсарлығы жатыр. Осындай биік белестерді бағындыру – Президент Режеп Тайип Ердоған мырзаның қажырлы еңбегінің жемісі деп күмәнсіз айтуға болады. Қазақ азаматтары Президент Режеп Тайип Ердоғанды және бүкіл Түркия елін шын жүректен құрметтейді. Қазақстан Түркияның толайым табысына әрдайым қуанады. Болашағының жарқын болуын тілейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір екі елдің қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестікке ұласқанына назар аударып, нәтижелі келіссөздер қос халық арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

– Біз Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-отырысын өткіздік. Өзара ықпалдастыққа тың серпін беретін басым бағыттарды қарастырдық. Түрлі саладағы байланысты жандандыратын маңызды үкіметаралық құжаттарға қол қойдық. Түркия – сауда-экономика және инвестиция саласындағы басты стратегиялық серіктесіміздің бірі. Осы орайда өзара тауар айналымын ұлғайту мәселесіне баса назар аудардық. Былтыр екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі 5 миллиард доллар болды. Алдағы уақытта сауда айналымын айтарлықтай арттырамыз. Бұған әлеуетіміз жетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Түркия Президенті бұл жолы да келіссөздердің нәтижелі болғанын атап өтті.

– Қазақстан – аймақтағы экономикасы ең ірі ел және біздің негізгі серіктесіміз. Біз қорғаныс пен энергетикадан бастап, көлік, ғылым мен технологияға дейінгі кең ауқымды салалар бойынша пікір алмастық, тау-кен, сирек кездесетін металдар бағытындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырдық. Қазақстан мұнайын Түркия арқылы әлемдік нарыққа экспорттау мүмкіндіктерін талқыладық. Тарихи Жібек жолының қазіргі баламасы – Транскаспий көлік бағдарын пайдалану және дамыту жолдарын қарастырдық, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Бұдан бөлек, Түркия Президенті туризм саласындағы ынтымақтастық перспективасына тоқталып, түрік азаматтарына Қазақстанда 90 күн визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылдағаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдірді.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздердің табысты өткені үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтып, Түркия Президентін өзіне ыңғайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Францияда қазақ қызының көрмесі өтіп жатыр.

Қазақ суретшісі Аяла Ибрагимова Франциядағы алғашқы жобасында қазақ халқының ертегі-аңыздарын заманауи көркемдік тәсілмен жеткізеді. Экспозицияда қазақ мифологиясындағы кейіпкерлер бейнеленіп, ұлттық ою-өрнек элементтері қамтылған. Ол шығармашылығы арқылы халқымыздың бай фольклоры мен мәдени мұрасын насихаттауды мақсат етеді. Көрме 4 айға созылады.



Әлемде аптап ыстық күшейіп барады.

Шіліңгір шілде Италия және Түркия халқын әбігерге салды. Мамандар 2023 жыл адамзат тарихындағы ең ыстық жыл болса, биыл ауа температурасы ол кездегіден де асып кетуі мүмкін деп отыр. Италияның Сицилия қаласында ауа температурасы +48 градусқа дейін көтерілді. Косово мен Албанияда қуаңшылықтан Фиерза көлі кебе бастаған. Түркияда кей өңірлерде ауа температурасы 40 градустан асып кетті.



Илон Маск негізін қалаған Neuralink компаниясы 20 мың адамға нейрочип орнатуға ниетті.

Жоба 2031 жылға қарай жүзеге асырылмақ. Бірлестік бұл арқылы табысын 1 млрд долларға жеткізуді көздейді. Қазір құрылғы клиникада сынақтан өтуде. Чип орнатылған 10 адамның денсаулығы мен құрылғының жұмысы зерттеліп жатыр. Компания Blindsight деп аталатын адамның көру қабілетін арттыратын арнайы чипті де сынап көрмек.

№89 (4833) 31/07/2025 Бейсенбі



БАС ҚАЛАДА 50 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл Астанада шамамен 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Олардың бір бөлігі қазірдің өзінде пайдалануға берілді. Сонымен қатар қала аумағын абаттандыру кезінде көгалдандыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы жылы тағы 1 миллионнан астам жасыл желек, яғни көшет, бұта, ағаш отырғызу жоспарланған. Елордада көктем мезгілінен бастап осындай абаттандыру, көгалдандыру және жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында жазды.

– Биыл шамамен 12,5 шақырым жаңа жол салынып, жалпы ұзындығы 58 шақырым болатын 50-ге жуық көше жөнделеді. Бұл жол сапасын арттырып, көлік желісіне түсетін жүктемені азайтуға және қозғалыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Жол жұмысы қаланың барлық ауданында жүруде, – деп жазды әкім.

Оның айтуынша, негізгі нысандар мыналар:

– Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысындағы жол айырығы. Биыл көпір өткелінің аралық құрылымдары мен жолайырықтарын монтаждау жұмысы аяқталады деп жоспарланып отыр.

– Бұқар жырау көшесі (Жошы хан көшесінен әл-Фараби даңғылына дейін). Жоба аясында толыққанды жол инфрақұрылымы қарастырылған: жаяу жүргіншілер жолы, жарықтандыру, бағдаршамдар және инженерлік желілер. Бұл жұмысты жыл соңына дейін аяқтау көзделіп отыр.

– Қ.Қайсенов көшесі (Ұлы дала даңғылынан Бұқар жырау көшесіне дейін). Бұл учаскеде толыққанды қозғалыс 2025 жылға жоспарланған.

– Әйтеке би көшесі (Қ.Мұхамедханов көшесінен Сығанақ көшесіне дейін).

– Ақан сері көшесі (Н.Тілендиев даңғылынан Оқжетпес көшесіне дейін). Қазіргі уақытта инженерлік желілерді орнату жұмысы жүріп жатыр.

– Қ.Мұхамедханов көшесі (Қорғалжын тасжолынан Ш.Айтматов көшесіне дейін). Құрылыс жұмысы өткен жылы басталған, ал биыл көлік қозғалысын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл ірі қиылыстардағы кептелісті азайтуға септігін тигізеді.

Бүгінде жалпы ұзындығы 36 шақырым болатын 32 көшеде жөндеу жұмысы толық аяқталды. Қазір ұзындығы 12,5 шақырым болатын тағы 9 көшеде жөндеу-құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

«Жөндеу жұмысы жүргізілген көшелер: Абылай хан даңғылы – А.Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейін; Ш.Бөкеев көшесі – Оқжетпес көшесінің аяғына дейін; Талапкер көшесі – Ақан сері көшесінен К.Байсейітова көшесіне дейін; Фахд бен Абдул Азиз көшесі – К.Байсейітова көшесінен Ш.Бейсекова көшесіне дейін; Алаш тасжолы – 191-көшеден 69-көшеге дейін; С.Сейфуллин көшесі – Сарыарқа даңғылынан Республика даңғылына дейін; М.Жұмабаев көшесі – Б.Момышұлы даңғылынан Р.Қошқарбаев даңғылына дейін және т. б.» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

ТУРИЗМ БАҒЫТЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың төрағалығымен туризм жөніндегі сарапшылық кеңестің алғашқы отырысы өтті. Жиынға қонақ үй, мейрамхана бизнесі, көлік саласы, туроператорлар мен медицина ұйымдарының өкілдері қатысты.



Отырыста өткен жыл мен биылғы алғашқы жартыжылдықтағы жұмыс қорытындысы шығарылды, инфрақұрылым, туристік қызметтер сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. 2024 жылы Астана экономикасындағы туризм үлесі 5,9%-ды (919 млрд теңге) құрады. Қалаға 1,5 млн турист келді, олардың ішінде 350 мыңға жуығы – шетелдік меймандар. 2025 жылдың бірінші тоқсанында туристік ағын 7 пайызға өсіп, 314 мың адамға жетті. Оның ішінде 68 мыңы – шетелдік туристер. Қонақтардың басым бөлігі Ресей, Қытай, Түркия, АҚШ және Германиядан келуде. Жолаушылар ағыны да өскен: әуе қатынасы бойынша 9 пайызға (2 млн адам), ал теміржол қатынасы бойынша 23 пайызға (1,2 млн адам) өсті.


Сарапшылық кеңес алдағы уақытта мемлекеттік органдар мен салалық өкілдер арасындағы тұрақты диалог алаңына айналып, тиімді туристік саясат қалыптастыруға, Астананы ішкі және халықаралық туризм нарығында ілгерілетуге ықпал етеді.

Отырыс аясында мынадай басым бағыттар айқындалды: «ақылды» туризм мен цифрлық шешімдерді енгізу; медицина туризмін дамыту; инклюзивті орта құру; гастрономия кластерін қалыптастыру; MICE-туризмді ілгерілету; жыл бойғы туризмді қамтамасыз ету және басқа да бастамалар.

Іс-шара соңында Евгений Глотов туризмді дамыту Астананың экономикалық өсіміндегі басым бағыттың бірі екенін атап өтті. Ол бірлескен күш-жігер нәтижесінде алға қойылған мақсаттарға қол жеткізіп, Астана әлемнің сан түкпірінен меймандар тартатын туристік орталыққа айналатынына сенім білдірді.

Жапонияда әжелерді «жалға алу» қызметі танымал бола бастады.

Егде жастағы әйелдерді сағатына шамамен 3300 иенге (20 АҚШ доллары) және жолақысына тең қосымша ақыға жалдауға мүмкіндік беретін OK Obaachan (қазақша мағынасы – «Жақсы әжей») қызметі іске қосылды. Бүгінде оған 60-94 жас аралығындағы 100-ге жуық зейнеткер әйел қатысуда. Олар тамақ дайындау, бала қарау, үй шаруасына көмектесу, каллиграфия және басқа да қызмет түрлерін ұсынады.



Түркияда баламен бірге анаға алимент төленеді.

Ерлі-зайыптылар ажырасса, сот көп жағдайда баланы әкесімен қалдырады. Өйткені отбасын асырау міндеті әкеге жүктеледі. Түркия азаматы баласының бар қажетін өтеуге міндетті. Балаға төлейтін алимент мөлшері – айына 100 бен 1000 доллар аралығында. Сондай-ақ анаға да алимент төленеді. Мәселен, ажырасқан ер адам әйелін екінші рет тұрмысқа шыққанша қаржылай қолдауға міндетті.

Елордада «Заң және тәртіп» жалпыұлттық қағидатын ілгерілету аясында құқықтық түсіндіру шаралары жалғасуда. Осындай маңызды іс-шараның бірі «Шарын» базарында өтті.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП – БАРШАҒА ОРТАҚ ТАЛАП

Шапағат ӘБДІР

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев, Байқоңыр аудандық полиция басқармасының қызметкерлері және базар әкімшілігінің өкілдері базардағы кәсіпкерлермен кездесті. Шара барысында базар аумағында құқықтық тәртіпті сақтау, көлеңкелі экономикамен күрес, салық және еңбек заңнамасын сақтау сынды бірқатар өзекті мәселе талқыланды. Кәсіпкерлерге заң талаптары мен мемлекеттік бақылау органдарының құзыреті жөнінде жан-жақты түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ Мақсат Қайратұлы өз сөзінде бұл бастаманың маңызына тоқталып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң және тәртіп» қағидатын ұстану жөніндегі тапсырмалары негізінде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.



– Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде заң үстемдігі мен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды реформалар жүргізіліп жатқанын барлығыңыз білесіздер. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру жолындағы басты бағыттың бірі. Ал оның қағидаттарын халыққа түсіндіру, осындай базарларға келіп іс-шараларды ұйымдастыру – мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілері арасындағы өзара сенімді нығайтып, заңға бағыну мәдениетін қалыптастырудағы маңызды қадам. Өйткені «Заң және тәртіп» қағидаты – тек құқық қорғау органдарына емес, бүкіл қоғамға ортақ талап. Кездесуіміз осы қағиданы түсіндіру, кәсіпкерлермен ашық диалог орнату және қоғамда заң мәдениетін арттыруды көздейді, – деді ол.

Жиын барысында полиция қызметкерлері базар аумағындағы құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы баяндады. Сонымен қатар базар әкімшілігі тарапынан сауда орнының қауіпсіздігі мен санитариялық жағдайын жақсарту бойынша жоспарлар таныстырылды.

ТАЛДЫКӨЛДІ ТАЗАЛАДЫ

Бас қалада «Кіші Талдыкөл» жүйесінің су қоймаларын қалпына келтіруге бағытталған «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы өтті. Іс-шара Астана көлдерінің жағдайын жақсарту және оларды экологиялық оңалту жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарламаның бір бөлігіне айналды.

Тазарту қазіргі заманғы отандық биологиялық препараттарды пайдалана отырып, №5 және №7 учаскелерде жүргізілді. Процесс барысында Bacillus subtilis, B. amyloliquefaciens, B. pumilus штамдарына негізделген сұйық қосылыстар, сондай-ақ тиімді микроорганизмдер қолданылды. Бұл құралдар органикалық ластанудың ыдырауына, патогендік микрофлораның тежелуіне, микробтардың тепе-теңдігін қалпына келтіруге, су мен шөгінділердің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Акция аясында мамандар кейіннен зертханалық талдау үшін су сынамаларын алды. Тұрақты мониторинг өзгерістер динамикасын бақылауға, қолданылатын технологиялардың тиімділігін бағалауға және одан әрі тазалау шараларын уақытылы түзетуге мүмкіндік береді. Іс-шараға ғылыми-талдау орталығының қызметкерлері, әкімдік өкілдері, еріктілер мен қала тұрғындары қосылды.

«Ғылымның, бизнестің, билік пен қоғамның үйлесімді өзара іс-қимылы елорданың экологиялық қауіпсіздігі мен орнықты даму міндеттерін шешуге мүмкіндік береді» деп атап өтті Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бас маманы Айдар Рашид.

Көлдерді биологиялық тазарту жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Ол препараттарды жүйелі енгізуді, жағалау сызығын санитарлық өңдеуді және тұрақты экологиялық бақылауды қамтиды.



№89 (4833) 31/07/2025 Бейсенбі

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – БАСҚАРМА ЖАУАБЫ

Елорда тұрғындарының әлеуметтік салаға қатысты білгісі келетін сауалдарына Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья СКУБ жауап береді.

– Астана қаласындағы жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек алу үшін қайда жүгінуге болады?

– Қаланың жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек алу үшін Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайы бойынша Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына хабарласу қажет немесе www.egov.kz веб-порталы арқылы «Электрондық өтініш» бөлімінде құжаттарды электронды түрде тапсыру қажет.

– Мүмкіндігі шектеулі адамдар жұмыспен қамтудың қандай шараларына қатыса алады?

– Мүгедектігі бар адамдар жұмысқа орналасу үшін Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек ұтқырлығы орталығы» мемлекеттік мекемесіне (Бейбітшілік көшесі, 9) өтініш бере алады (жұмыс уақыты 8:30-дан 18:00-ге дейін, түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі), анықтама телефондары: 09-20, 09-21. Азаматтарды



жұмыспен қамтудың мынадай шаралары қамтамасыз етіледі: тұрақты жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу (қоғамдық еңбек, жастар тәжірибесі, әлеуметтік жұмыс орындары, алғашқы жұмыс орны, ұрпақ келісімшарты, күміс жас, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант және жастарға шағын несие беру). Бұл ретте бос жұмыс орындары туралы ақпаратты www.enbek.kz интернет-порталында қарауға, жеке кабинет құруға және қашықтан белсенді түрде жұмыс іздеуге болады.

– Табиғи апат немесе өрт салдарынан зардап шеккен болсам, қанша уақытқа дейін шағым беруім керек және оны қалай жасаймын?

– Басқарма әлеуметтік көмекті Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы №84/10-VIII шешімімен бекітілген әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және Астана қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларының негізінде жүзеге асырады. Қағидалардың 34-тармағына сәйкес, әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өз атынан немесе отбасының атынан әкімшілікке мынадай құжаттарды ұсына отырып өтініш береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) зілзаланың немесе өрттің фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттар;

3) жоғалған немесе бүлінген тұрғын үйге өтініш берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар;

4) отбасы мүшесінің қайтыс болу фактісін және онымен туыстық қатынасын растайтын құжаттар.

Қағидалардың 36-тармағына сәйкес, әкімші табиғи апат немесе өрт болған күннен бастап 3 айдан кешіктірмей келіп түскен әлеуметтік көмекке өтініштерді қарайды.



ҚАРИЯЛАР АРХИВКЕ КЕЛДІ

Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелері Астана қаласы Мемлекеттік архивінде бас қосты. Олар өткен күннен сыр шертіп, бұрынғы Ақмоланың бүгінгі Астанаға айналғанына куә болғанын қуана жеткізді.



Қариялар үшін қала тарихынан сыр шертер арнайы көрме ұйымдастырылды. Шара барысында Астана қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев «Астанаға көптеген тұлғаның еңбегі сіңді. Әр саланың мамандары қаланың қалыптасуына жағдай жасады. Осы отырған ақсақалдардың да еңбегі ерен. Себебі қай адам болса да жантәнімен беріліп, маңдай терін төкті. Соның нәтижесін бүгінгі жас ұрпақ көріп отыр. Қай жерге барсаң да «Астана – жастардың қаласы» деген жақсы сөзді естіп жатамыз. Міне, осыдан-ақ қаланың әлемге даңқы жайылғанын біле беруге болады. Осы басқосуды ұйымдастырған Астана қаласы Мемлекеттік архиві ұжымына ақсақалдар атынан алғыс айтамын» деді.

Әр салада еңбек еткен қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері Астананың жыл санап өзгергеніне және өздерінің еңбек еткенін мақтанышпен жеткізді.

«Астананың бүгінгі өзгеруі таңғаларлық жағдайда деп айтуға болады. Себебі біз көрген бұрынғы қала өте қарапайым болатын. Ол кезде көптеген дүниеге қол жеткізудің өзі арман еді. Ал қазіргі уақытта бәрі заман талабына сай жаңарған, өзгерген. Жаңа заманның сұранысына орай барлық жағдай жасалған. Бұған өзіміз қызмет еткен уақытты және сол кездегі түсірілген суреттерді дәлел ретінде айта аламыз. Астана қазір жастардың қаласына айналды. Біз соған қуаныштымыз» деді бір кездері қаланың музейін басқарған Астана қаласының құрметті азаматы Нелля Шиврина.

Бұдан соң сөз алған Ардагерлер кеңесінің мүшесі Раиса Ағыбаева да өз естелігімен бөлісті.

«Біздің осы өңірге жасаған еңбегіміз қазіргі уақытта тарихқа айнала бастады. Біздің сол уақытта атқарған жұмыстарымыз БАҚ беттерінде мақала болып жарияланып жатты. Сондықтан біз хал-қадіріміз жеткенше Астананың қалыптасуына өз септігімізді тигіздік деп есептеймін» деді ол.

Кездесу тізгінін қолына алған ғылыми-зерттеу және ақпараттық түсіндірме жұмысы қызметінің басшысы Ғазиза Тұрмағанбетқызы қарттарға алғыс айта отырып, «Тағдыры тарихқа айналған», «Ақмола Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында» кітабын тарту етті. Шара соңы естелік суретке түсумен тәмамдалды.



СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚҚА ОҚЫТАДЫ

Биыл Жұмысшы мамандықтар жылы аясында кәсіби-техникалық білім беруге және жұмысшы кадрлар даярлауға ерекше мән беріліп отыр. Мәселен, Астана қаласындағы Сервис және туризм колледжі сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды оқытып келеді. Солардың бірі – флористика мамандығы. Бұл мамандық тек гүлдермен жұмыс істеу ғана емес, сонымен қатар шығармашылық, эстетика және сервис саласындағы білім мен дағдыны қажет етеді.



Колледжде арнайы «флористика», «ландшафт дизайны», «оранжерея», «гидропоника» зертханалары бар. Оқу барысында студенттер «сарыгүл», «арыстан ауыз гүлі», «қызылгүл», «әйел бақыты», т. б. түрлі гүлдер отырғызады. Колледж директоры Салтанат Басығараеваның сөзінше, жаңа оқу жылына бұл мамандық бойынша 25 студентті қабылдау жоспарланып отыр.

– Флористика мамандығы бойынша алғашқы студенттер 2024 жылы қабылданып, бүгінде 10 студент білім алып жатыр. Жаңа оқу жылына 25 студент қабылдау жоспарланып отыр. Оның ішінде 10 студент ерекше білім беруді қажет етеді. Болашақ флористер 2 жыл 10 ай бойы колледж базасындағы зертханаларда және біздің әлеуметтік серіктестер қолдауымен тәжірибеден өтеді. Бұл мамандықты таңдаған талапкерлердің биология, математика және оқыту тіліне байланысты қазақ және орыс тілінің орташа бағасы есептеледі. Сонымен қатар сұхбаттасу жүргізіледі. Біз 9-сыныпты бітірген талапкерлерді қабылдаймыз және олар оқуға түскен жағдайда мемлекеттік грант есебінен білім алады, – дейді Салтанат Басығараева.

Оқу ордасында ландшафт дизайны, орман шаруашылығы мамандықтары да оқытылады. Жалпы бүгінде бұл мамандықтар бойынша 60 студент білім алып жатыр. Флористика мамандығына үйретететін арнайы білікті оқытушылар бар. Олар Ресейдің Татарстан аймағында «флористика» мамандығы бойынша халықаралық тағылымдамадан өткен. Жас мамандарға шетелдік Flower Circus компаниясы шеберлік сабағын өткізіп тұрады. Одан бөлек, колледж Romantic гүлдер орталығы, «ҚазФлор» гүл дүкенімен және орман шаруашылығы мамандығы бойынша «Астана Зеленстрой», «Жасыл аймақ» сияқты компаниялармен тығыз жұмыс істейді. Колледж директорының сөзінше, студенттер түрлі жобаға белсенді атсалысады. Биыл колледж түлегі Ержан Балтабай EuroSkills Herning 2025 байқауының іріктеу кезеңінде жеңіске жеткен. Сонымен қатар колледж аумағында жылыжай орналасқан. Онда орман шаруашылығы бойынша білім алатын студенттер көкөністер мен жидектерді күтіп-баптайды.

«Бақшадан – дастарханға» жобасы аясында жылыжайда Қызылорда өңірінде кеңінен таралған «Әміре» қауыны өсіріліп жатыр. Оның салмағы 15 келіге дейін жетеді. Елордалық колледжде флористика мен орман шаруашылығы салаларына үлкен мән беріліп, студенттер сапалы әрі заманауи білім алып жатыр. Бұл мамандықтар шығармашылық пен кәсіби дағдыны біріктіріп, халықаралық тәжірибе мен практикалық білім арқылы болашақ мамандарды даярлайды. Осындай білім алған жастар еңбек нарығында сұранысқа сай білікті кадрға айналып, ел дамуына үлес қосады.

КӨРКЕЙТУ – КҮРДЕЛІ ІС

Астана қаласы Есіл ауданының коммуналдық қызметтері жыл – он екі ай күнделікті демалыс аймақтарын, көгалдарды, жаяу жүргіншілер, велосипед пен жүгіруге арналған жолдарды тазартудан жұмысы бір толастамайды.

Көктемде аумақты қысқы қалдықтардан тазалау, көгал шөптерін егу, гүлдер мен сәндік өсімдіктер отырғызу, зиянкестер мен ауруларға қарсы өңдеу, суару жүйелерін жөндеу және іске қосу жұмыстары жүргізіледі.

Жазда өсімдіктерге тұрақты суару мен қоректік тыңайтқыштар беру, гүлзарлардың арам шөбін жұлу мен топырағын қопсыту, зиянкестер мен ауруларды бар-жоғын тексеру, ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу жұмыстары атқарылады.

Күзде жапырақтар жиналып, өсімдіктерді қысқы маусымға дайындау және жабу жұмыстары жүргізіледі, жазғы конструкциялар алынып, суару жүйесі консервацияланады.

Көгалдандыру жұмысынан бөлек, жаз басталғалы Есіл ауданы аумағында 6 ірі заңсыз қоқыс орны толығымен жойылды. Жалпы көлемі 60000 тоннадан астам құрылыс және тұрмыс қалдықтары шығарылды. Қайтадан қоқыс тастау фактілерінің алдын алу мақсатында кіреберіс жолдарға автокөлік қозғалысын шектейтін аркалар мен арнайы тосқауыл блоктары орнатылды. Сонымен қатар Есіл ауданының әкімдігі Экологиялық полиция басқармасымен бірлесіп, қалдықтарды заңсыз төккен азаматтарды анықтау және оларды жауапкершілікке тарту жұмысын жалғастырып жатыр.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ҚАЙРАТКЕРДІҢ ҚАДІРІ КЕТТІ МЕ?

Жақында газетімізде жарық көрген «Қайраткердің қадірі кетті ме?» («Астана ақшамы», №84 (4828), 19 шілде, 2025 жыл) атты мақала әлеуметтік желілерде біраз талқыланды. Онда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағына қатысты мәселе көтерген едік. Желі қолданушылары осы атаққа, жалпы атақ беру мәселесіне байланысты пікірлерін жазды. «Жазылған жайдың жаңғырығы» айдарымен сол пікірлерді жариялап отырмыз.

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА:

– Өте орынды мәселе. Бұрынғы СовМинкаға, (қазіргі Госпитальға) әртіс пен тамаданың «қайраткер» әйелдері тіркеліп алған, жол бермейді... Ақшаң болса қалтаңда, СовМинкада талтаңда!

Мағжан САДЫХАНОВ:

– «Астана ақшамы» өте маңызды мәселені алға тартып отыр. Қайраткер атағының қадірі кетіп бара жатқандығын айтады. Рас, сексен жастың сеңгіріне шыққан Жарылқап ағамыз (Бейсенбайұлы – ред.) қайраткерлікке әрең қол жеткізсе, «бесіктен белі шықпаған» жастар 30 жасында қайраткер болып жатыр. Бұл не сұмдық! Газет көтерген мәселе өте дұрыс. Осы айтылған ақиқаттан билік қорытынды шығарар ма екен? Мен былтыр Президент ауруханасында емделіп жаттым. Толған тамада, әртістер бәрі «Қайраткермін» деп жеке бөлмеде жатады.

Сайлау ӘЛИҰЛЫ:

– «ҚР Құрметті азаматы», тағы осы сияқты өздеріне құжаттарын жинап, ақысын төлеп сатып алып жүрген атақтар бар. Атақты мемлекет береді емес пе?! Не жарлық, не қаулымен...

Ардақ МУКУШЕВ:

– Өте дұрыс ұсыныс, қаптаған қайраткер, «ҚР еңбек сіңірген әртісі» атағын қайтару керек!



www.astana-akshamy.kz

МӘСЕЛЕ | 5

№84 (4828) 19/07/2025 Сенбі

ҚАЙРАТКЕРДІҢ ҚАДІРІ КЕТТІ МЕ?

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ТҰЛҒА МЕН ӘРТІСТІ ШАТАСТЫРМАЙЫҚ

Қазір бізде не көп, атақ көп. Атаққа құмартатын адамдардың саны да жеткілікті. Ал сол атақтар мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық болып бөлінеді. Солардың арасында, әрине, мемлекеттік марапаттардың бәсі барінен жоғары. Бірақ соны елеп, ескере қоймайтын біраз жұрт қай атаққа болсын ұмтылады. Адам сәлып алып жатқандар да баршылық. Содан кейде күлкі мен көңілсіздіктің нәразылығын тудыратын жағдайлар орын алып жатады. Мұның екінші жағы да бар. Бұл – мемлекеттік марапатқа ие болған адамдарды қолдауға қатысты мәселе.

Президенттің Ж.Қасқырбаевқа қайтыс болған әкесі Қалжанбек Қасқырбаевтың Орталық клиникалық ауруханасынан шығарып тастағанын жазыпты. Сол ауруханаға қайта тіркелу үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері немесе Қазақстанның Еңбек Ері атағын алуы керектігін жазыпты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасынан 2023 жылы шорқасқалақ, үйлестен соң Қазақстанның халық жазушысы атағы қайта беріле бастады. Сол жылы бұл атаққа алғаш қаламеттердің қатарында Софы Қалибекұлы да болды. Содан соң жазушы атағының ауруханаға қайтып тіркелді. Осы сияқты реттелетін мәселелер әлі де бар. Сонымен шіркөк кім-кімді болсын шақыру бағалау үшін кейінде тоқтатылмаған атақтарды қайтару да маңызды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Мұратбаев Өнербекпенен сұхбаттасақ, бұл сұхбат басталысымызға «Халық әртісі атағын қайтарған дұрыс» тақырыбымен шықты. Президенттің тарапынан бұл атақ та қалпына келді. Осы жолмен Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын да қайтарған дұрыс. «Бесті» дейтіндей-ақ. Тарихтың, Бізде Қазақстанның халық әртісі атағын алғандардың қатарында әлі күнге көрінбеген де болады. Бұл жақсы әлеуметтік желіде бірақ пікірталас туғызды. Сонын көпшілігі ашшінің осы жолдағы атақты адыл емес екендігі жазды. Өз пікірімізді айтсақ, жо, ешнәрсеге бұл атақ ертелеу берілді.

Еліміздің «Мемлекеттік наградалары туралы» заңы бойынша Қазақстанның халық әртісі атағы бұрын Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі немесе Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері құрметті атағына ие болған, Қазақстан Республикасының театр, цирк, мұзына өнері мен кино өнерін дамытуға ерекше үлес қосқан адамдарға беріледі. Ал Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын беру 1999 жылы тоқтатылған. Ал Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері мәселе келсек, осы атаққа пайда болғанына биыл тұра 30 жыл толып отыр. Көрнекті немесе, кет және қоғам қайраткерлігіне, ғылым, мәдениет, өнер, өнірлік және әлеуметтік сала өкілдеріне республикалық сіңірген әрі еңбегі үшін беріледі. Әлішер Кәрібаев бұл атақты 2018 жылы иеленді. Бірақ қайраткер атағын әлші, күйші, биші, жазғы және адамдарының беру қашанлықты қисынды?

КІМ ҢАҒЫЛ ҚАЙРАТКЕР?

«Қайраткер» ұғымы қайрат, қайрат көрсету секілді сөздерден шығып тұрғаны анық. Яғни Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағына не адам шын мәнінде түлға болып танылып, ел, мемлекет мүддесі дегенде жанын тұрғы керек. Ал өнерпаздар, әсіресе, эстрада өкілдері отаншылдық тақырыптарды шығармаға болмасы, қай жерде мемлекет мүддесін қорғаған еді? Кейде толқуды шашпайық, «өздерде бар шығар, бірақ өте сирек».

Бізбенше, қайраткер деп нешеу Желтоқсан көтерілісіне қатысып, соттағаған композитор Хасен Қожа-Ахметті атауға болады. Сол Желтоқсан оқиғаларын кейін ше-ақала Қазақстан қоюмуниспік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Колбиннің алдында қасқайып сайлап, қазақтың бас ресейторы болды, оңашақты жыл шіңде оны нағыз ұятқа қалдырмай айналдырып, тарқатып 100 минутқа астық. Шоқанбаудағы сөйегі – бір бөлек дүние. Әрі уақытқа әбір атақ құмдық, ғұлы оны іліп тасты. Қыл Сәрсенбай жоғарыдай, сонау кезеңдегі Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағына комсомолы сыйлығынан кейін алып жатқан атағы осы шығар.

Жарылқап ағаға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері сексенінің сеңгіріне жеңдегенде бір-ақ ғана отыр. Одан әлі-қайда жас, бәдиялап айтқанда, «ала-шаға» бұл атақты жылдап келеседі. Мәселен, бізді өзінің актрисса Жарасқанқай Сәлімбаева алды. Бұл қандай қайраткер, әртіс емес пе? Осындай қалеңсіздік Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағының жоғының орын алып отыр. Бұл – Жарылқап Бейсенбайұлы мен Жарасқанқайлы еңбегін төмендеуінді жасқай.

Мынаны да айта кетейік, бұрын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағының иегерлеріне берілетін жеңілдіктер бар еді. Соның бастысы – Қазақстан Республикасы Президентінің іс басқармасына қарасты денсаулық сақтау мекемелеріне тіркелін, тегін қаралып, емделу, демалуының ылғайтсыз. Бүгінде ол жоқ. Ал бұл атаққа не Жарылқап Бейсенбайұлы секілді қанымыз қарт бар. Жастарға деңсаулығына қатысты жеңілдік керек емес, ең жасы келіп қалғандарға, әрине, қажет. Сонда кәрі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлеріне не істеу керек, тағы қанша күту керек? Бұл да реттелетін мәселе. Себебі атаулы атақ – мемлекеттік. Мемлекеттік мәрейтаудың қайтару керек. Ал сонда атақтың өзінің қадірі болмаса, оны кім қадірлейді?..

Ерубай ҚАЛДЫБЕК:

– Негізі қайраткер ұғымы – абстрактілі ұғым. Біреулер бар биік-биік мінбелерде тұрып сайрайды, туған ауылына тигізген пайдасы жоқ. Бірақ ол қайраткер. Ал енді біреу бар еңбегімен, тілімен, бар болмысымен аудан, облыс көлемінде қазақтың намысын жырытып, туын биікте ұстап жүрген. Бірақ қайраткер емес... Шынында да әнші, биші, спортшыларға бұл атақ лайықты емес. Оларға басқа марапат ойластырған дұрыс болар.

Қали САРСЕНБАЙ:

– Қайраткерден жер қайысады ғой...

Ахмет ӨМІРЗАҚ:

– Расында, әртістерге қайраткер атағы артықтау дүние ғой, жай әнін салып, өнерін көрсетіп жүрген адам қалай қайраткер болады? Саяси, рухани тұрғыда елге ерен еңбек сіңіріп жатқандар қайраткерліктен қағылады да, лайықты еместер қағып алады... Атаққа құжаты ұсынылып барғандарды жоғары жақта тексермейді-ау, соған қарағанда...

Риза ӘЛМҰХАН:

– «Құрметті азамат» па, әлде «Құрметті қайраткер» ме, ақшаға сатып алатын сондай да «атақ» бар екен?! Мұндай сатып алатын атақтарды тоқтату керек қой. «Қазақстанның алтын кітабы» деп ақша алып, фотосын кітапқа қосып шығару да дұрыс емес.

Маңдайлы ҚОСЫМБАЙ:

– «ҚР Құрметті азаматы» деген ақшаға сатылатын атақ бар...

Светлана ҚАЙЫРҒАЛИЕВА:

– «Астана ақшамы» бүгінгі күннің өзекті мәселесін көтеріпті. Атаққұмарлық – ғасыр дерті! Арлы адам атақсыз да атақты емес пе?!

Ғали ТҰРДАЛИЕВ:

– «Қазақстанның еңбек сіңірген той әншісі», «Асабасы» деген атақты аямай берсін. Бұрын қоғам қайраткері, мемлекет қайраткері деуші еді, «Мәдениет қайраткері» соған жақындатқан түрі ғой, бірақ әншілерге артықтау атақ.

Аштан өліп, көштен қалған әнші жоқ. Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Біржан сал ешқандай атақсыз өтті бұл фәниден, қазіргінің жастары екі ән айтып, кабинет жағалап жүргені...

Күнқожа ҚАЙРУЛЛА:

– Өте дұрыс көтерілген мәселе. «Еңбек сіңірген әртіс» атағы қайтпаса, әртістердің бәрі «қайраткер» боп жатыр. Қайраткер мен әртістің айырмашылығы бар ғой.

Байжан ЕМБЕРДІ:

– Оған қоғамдық бірлестік саудалайтын «ҚР Құрметті азаматы», «ҚР қоғам қайраткері» деген атақтарды қосыңыз. Атаққұмарлар соған жету үшін әжептеуір қаржы жұмсап отыр.

Гүлдархан СМАҒҰЛОВА:

– Қайраткер дегенде менің көз алдыма еңбегіне қарай есімін бүкіл қазақ білетін тұлғалар келеді. Қайраткер әншілерді мойындамаймын.

Шымкентбай ЖЫЛМАГАНБЕТОВ:

– Өте дұрыс мәселе көтерген. «Құрметті азамат, құрметті ардагер» дегендер де көп. Тоқтату керек.

Бейбіт ОСПАН:

– Өте орынды мәселе. Бізде әртістердің 80 пайызы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» ғой.

Маржан ЕРШУ:

– Чеховтың хамелеондар туралы мынандай бір классикалық әңгімесі бар еді, ит жайлы. Көшеден бір итті көріп, адамдар тап беріп, сабап тастайды. Содан біреуі: «Мынау баронның ити сияқты» дейді. «Иә, ақсүйек ит сияқты» дейді екіншісі. Үшінші адам: «Қайдағы?! Қаңғыбас ит қой» дейді. Адамдар итті одан сайын ұрады. Бір кезде баронның малайы келеді, одан сұрайды: «Мына итті танисың ба? Сендердің қораларының ити емес пе?» деп. Малай: «Жоқ» дейді. Адамдар итті сабай жөнеледі. Малай қарап тұрып, «Тоқтатыңдар! Бұл ит баронның ағасының ити сияқты ғой, енді танидым» дейді. Адамдар сол кезде: «Ойбай-ау! Біліп едік нағыз ақсүйек ит екенін! Шынымен баронның иттеріне ұқсайды екен» деп таңырқасып, итті сүйе бастайды. Чеховтың ізімен «Қайраткердің күшігі» деген сатира жазылайын деп тұр-ау шамасы?!

Ғазиз САЙФУЛЛИН:

– Дұрыс пікір, еңбегіңнің еленгені адамға қанат бітіреді! Сосын, құрғақ қасықтың ауыз жыртатыны сияқты, қосымша материалдық сыйлық берсе... Әркімнің, әр кеңесшінің айтқанына еріп бас тартқан бұрынғы атақтарды қайтару керек, бірақ, қазақстандық мағынада.

Мылтықбай СЕРІКБАЕВ:

– Атақ-дәреже көп болып беріліп жатқаннан қадірі кетіп жатыр. Атақ-дәреже берілсін, бірақ та еңбегіне қарай, соған сай тұлға болу керек. Бүгінде атақ-дәрежеге тиісті құрылымдар тамыр-таныс, өздеріне жақын адамдарды ұсынып алып жатқандар да бар.

ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

Ұлағатты ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері, білікті ұйымдастырушы Күлзира Ысқақова мерейлі 75 жасқа толды.



Күлзира Ысқақова 1950 жылы 31 шілдеде Ақмола қаласында дүниеге келген екен. Әкесі Ыдрыс Ысқақұлы – ҰОС ардагері, жауынгерлік жолы Сталинград шайқасынан басталып, Жеңіс күнін Берлинде қарсы алған. Соғыстан кейін әкесі Ақмолада есепші, ревизор қызметін атқарса, анасы Сарқыт мұғалімдік жұмысты Абай атындағы №8 мектепте бастап, сол жерден зейнеткерлікке шықты. Ал Күлзира болса анасының жолын қуып, Алматыдағы С.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы мемлекеттік университеттің тарих факультетіне оқуға түседі.

1973 жылы оқуды үздік тәмамдап, тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы мамандығын алып, Күлзира Талдықорған қаласында жаңадан ашылған педагогика институтының тарих факультетінің оқытушылық қызметіне жолдама алады. Бірақ, тарих факультеті сол жылы ашылмай қалғандықтан Талдықорған облысы Киров ауданындағы орта мектепке жұмысқа жіберіледі де, сол жерде тарих пәнінің ұстазы болып, еңбек жолын бастады.

1976 жылы жанұялық жағдайға байланысты сол кездегі Целиноград қаласына қоныс аударды. Тағдырын ұстаздықпен байланыстырған Күлзира Ыдрысқызы мұнда инженерлік-құрылыс институтында тарих және саясаттану кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі болады. 1985-1988 жылдары С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетінің күндізгі бөлімінің аспирантурасында оқиды. Ғылыми жұмысын сәтті аяқтап, қорғап, 1989 жылы философия ғылымдарының кандидаты атағын иеленді. 1992 жылы саясаттану пәнінің доценті ғылыми атағы берілді.

1996 жылы 23 мамыр айында Целиноград педагогика институты мен Целиноград инженерлік-құрылыс институттары біріктіріліп, Л.Гумилев атындағы ұлттық университеті құрылды. Әрі қарай Күлзира Ыдрысқызы аталған университетте оқытушылық, ғылыми, қоғамдық жұмысын жалғастырып, кафедра доценті, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

2004 жылы Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығы бойынша академиялық профессор атағы беріліп, Күлзира Ыдрысқызы Біліктілікті жетілдіру институтының директоры, Біліктілікті жетілдіру және сырттай білім беру факультетінің деканы лауазымды, ал 2009-2022 жылдары Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры қызметтерін атқарды. Күлзира Ыдрысқызы Прага, Астана, Алматы, Мәскеу, Ленинград, Донбағы Ростов, Якутск, Одесса және Красноярск қалаларында бірнеше мәрте халықаралық, республикалық және қалааралық конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады. Ғылымға қосқан үлесі үшін 2012 жылы Білім және ғылым министрлігінің тарих және қоғамдық пәндер академиясының академигі атағы берілді.

Университетте қызмет істеген барлық жылы Күлзира Ысқақова университеттің, жалпы Астана қаласының қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қазақстан мен Венгрия арасындағы достық және мәдениет қауымдастығының вице президенті, «Қазақстан тарихшыларының Ұлттық Конгресі» қоғамының, «Қазақстан ғалым әйелдері» қоғамының, «Тұран-Астана» университетінің профессор Орақ Әлиев атындағы эпистемология зерттеу орталығының мүшесі болды.

1991 жылдан бүгінгі күнге дейін үзбей атқарып келе жатқан қоғамдық жұмысының бірі – ҚР Күзет қызметінің (ол жылдары Президенттің күзет қызметі деп аталды) офицерлік құрамына Қазақстан тарихы мәселелері бойынша дәріс оқып, кейін университеттің атақты ғалымдарының дәрістерін ұйымдастырып жүруі.

Күлзира Ыдрысқызы 2008 жылы зейнеткерліке шықса да, (кафедраның профессоры қызметін 2022 жылға дейін атқарды) жастарға үлгі болып, ұрпақ тәрбиесіне атсалысып жүрген ардагер ана. Осы жерде айта кетсек, зейнеткерлікке шықпастан көп бұрын Еуразия ұлтық университеті басшыларының тапсырмасы бойынша, Астана қаласы ардагерлер кеңесінің мәдени-тәрбиелік іс-шараларын өткізуге белсене қатысып, көмек көрсетіп жүрді.

